

Атырау қаласы Атырау ауылдық округінің көшелеріне атаулар беру және қайта атау туралы

Атырау облысы Атырау қаласы Атырау ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 6 сәуірдегі № 170 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 13 сәуірде № 4992-06 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы қорытындысы негізінде және Атырау ауылдық округі тұрғындарының пікірін ескере отырып ШЕШТІМ:

1. Атырау қаласы Атырау ауылдық округінің келесі көшелеріне атаулар берілсін:

1) Қызыл балық ауылында:

№ 4 көшесіне – Ауман Байдулов көшесі;

№ 12 көшесіне – Исламғали Қаналиев көшесі;

№ 18 көшесіне – Ерім Харипов көшесі;

№ 19 көшесіне – Сидағали Әжіғалиев көшесі;

№ 20 көшесіне – Тағай Жұмашұлы көшесі;

№ 21 көшесіне – Құмаршық көшесі;

№ 22 көшесіне – Қобыланды батыр көшесі;

№ 23 көшесіне – Дарабоз көшесі;

2) Жаңаталап ауылында:

№ 5 көшесіне – Мұхаметжан Тынышбайұлы көшесі;

№ 7 көшесіне – Смағұл Сәдуақасов көшесі;

№ 11 көшесіне – Әлімхан Ермеков көшесі;

№ 10 көшесіне – Бәтіш Салиева көшесі;

№ 12 көшесіне – Күнсұлу Кенжиева көшесі.

2. Атырау қаласы Атырау ауылдық округінің келесі көшелеріне қайта атаулар берілсін:

1) Құрманғазы ауылында:

Ферма көшесіне – Арай көшесі;

2) Қызыл балық ауылында:

Ферма көшесіне – Ақтоған көшесі;

Золотенок көшесіне – Манаш көшесі.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК